КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2025 жылғы 20 мамыр №3115-25-00-2/940 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С.Б. Қойтекеева,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы қалалық көп бейінді ауруханасы және консультативтік-диагностикалық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Енсебеков» - Ерзат Есенұлы Енсебеков

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің 267-4-бабын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы қалалық көп бейінді ауруханасы және консультативтік-диагностикалық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер «Енсебеков» - Ерзат Есенұлы Енсебеков дара кәсіпкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Енсебеков» - Ерзат Есенұлы Енсебеков мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Дара кәсіпкер «Енсебеков» - Ерзат Есенұлы Енсебековтен мемлекет пайдасына мемлекеттік баж 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде, Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **С.Б. Қойтекеева**

Құжатқа қол қойылған: Койтекеева С. Б., 20.05.2025

Заңды күшіне енген күні: 30.06.2025, судья Койтекеева С. Б., 30.06.2025